

Ұлағат тұтар дана ұстаз, көпті көрген, ел сыйлаған ақсақал

«Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Тыл ардагері», «Тың және тыңайған жерлерді игеру» төсбелгісінің иегері, «Еңбек ардагері», Аманкелді ауданымен құрдас - Кәрім АЙТМАҒАМБЕТОВ ата бүгінде 90 жаста

Балалық жастық шақтарын қиын кезеңде өткен. 1932 жылғы алапат аштықты, 1937-1938 жылдарғы қуғын-сүргінді, 1941-1945 жылдарғы сойқан соғыстың зардаптарын шеккен. Соған қарамастан бүгінгі күні Алланың берген жасын жасап, өмірдің жақсы қызығын көріп өмір сүріп келеді.

Бұл кісі мұғалім, аудандық партия комитетінің идеологиялық хатшысы, өмірінде - ұлтқа ұлысқа, ұрпаққа адал қызмет етудің жарқын жолы, үздік үлгісі болған деуге болады. Ол өзін барлық жағынан кіршіксіз таза ұстаған азамат. Дүниеге, атақ-мансапқа қызықпаған, тура - жүріп, тура тұрған басшы болған. Оның жанының тазалығы, өзінің кісілігі - ұрпақтарының бойына дарыған.

Кәрім Айтмағамбетов 1928 жылы қыркүйек айының 10-да Қостанай облысының Аманкелді ауданында Аманкелді селосында туған.

Мектепте оқуды 1936 жылы Аманкелді ауданының Аманкелді орта мектебін бастаған.

1946 жылы Қостанай қаласындағы Жамбыл орта мектебін бітірген.

Мектепті бітірісімен 1946 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетіне түсіп, оны 1950 жылы бітіріп шыққан.

Қазақ ССР оқу Министрлігінің 1950 жылы №1965 куәлігімен Қостанай облыстық оқу бөлімінің қарамағына келген. Облыстық оқу бөлімі Қостанай облысының Меңдіқара ауданындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық училищесіне оқытушы етіп жіберген. Аталған училищеді 1950 жылдың тамыз айынан 1953 жылдың тамызына дейін тарихтан және КПСС тарихынан сабақ берген. 1953 жылдың наурызында партия қатарына өткен. 1953 жылдың тамыз айында әке-шешесінің денсаулығына байланысты өз өтініші бойынша Қостанай облысының Аманкелді ауданына қызмет ауыстырған. 1953-1954 жылдары Аманкелді ауданының Аманкелді орта мектебінде мұғалім болып істеген.

1954 жылдың ақпанынан 1955 жылдың шілдесіне дейін оқу ісінің меңгерушісі. 1955 жылдың шілдесі мен 1958



Суретте: С.Мәуленов, Екідін ауылының ақсақалдары, С.Мұқанов, Ө. Жәнібеков, К. Айтмағамбетов, Ғ.Қайырбеков жұбайларымен

1958-1960 жылдары ҚКП Аманкелді аудандық комитетінде лектор- кеңесші, ал 1960 жылдың сәуір айынан 1963 жылдың қантар айына дейін насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген.

1960 жылы Торғай өңірінде тың жерлерді игеру басталған. Тың игеру барысында совхоздарда ауыл шаруашылық кадры жетіспегендіктен. Осыған байланысты Қостанай облыстық партия комитетінің шешімімен Аманкелді ауданында Қостанай шаруашылық техникумының филиалы ашылған. Аманкелді аудандық партия комитетінің бюросы қызметінің үстіне қосымша жұмыс ретінде ауыл техникумы филиалының меңгерушісі етіп тағайындаған.

Ол жұмысты 1960-1965 жылдары атқарған. Аудан совхоздарына 100-ден астам маман кадр берген, зоотехник, веттехник және агроном сияқты орта буын мамандары, 1963-1965 жылдары Аманкелді өндірістік басқармасы жанындағы партия комитетінің саяси ағарту комитетінің меңгерушісі

және үгіт бөлімінің меңгерушісі болып қайта сайланып, 1969 жылдың қазан айынан 1975 жылдың тамыз айына дейін сол аудандық партия комитетінде идеология секретары және бюро мүшесі болып қызмет атқарған. Осы қызметте жүргенде ауданымыздың ауыл-село-ларында мәдениетті дамытып, ағарту жүйесін өркендетті. Алматыға барып емделу мақсатында және ҚазССР оқу министрлігінің шақыруы бойынша Алматы қаласына ауысуға тура келген.

Оқу Министрлігінің 1975 жылғы 30 қыркүйектегі №379 бұйрығымен министрліктің халыққа білім беру инспекциясының инспекторы болып тағайындалған, онда бір жыл жұмыс істеген.

Қалада тұрғын үй мәселесі шешілмей, содан кейін Алматы облысының Қаскелең ауданы, Шемалған селосындағы Фурманов атындағы орта мектепте 1976-1979 жылдары директор болып қызмет істеген. 1979-1985 жылдары Торғай облысы, Амантоғай ауданының Амантоғай орта мектебінде директор болып істеген. 1985 жылы «Қазақ ССР халық

1985-1988 жылдары ҚКП Амантоғай аудандық комитеті жанындағы Партия комиссиясының төрағасы болып жұмыс істеген.

1988-1993 жылдары дербес зейнеткерлікке шыққаннан кейін де еңбегін жалғастырған.

Осы жылдары Амантоғай ауданының Жалдама орта мектебінде мұғалім. «Білім» қоғамының аудандық ұйымының хатшысы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, аудандық Азаматтық қорғаныс штабының бастығы сияқты қызметтер істеген.

1954-1993 жылдары Аманкелді, Амантоғай аудандық және селолық Кеңестердің депутаты болып үздіксіз сайланып отырған. Көп жылғы адал еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Кәрім Айтмағамбетовтың жүріп өткен өмірлік жолы кейінгі толқыға үлгі, өнеге мектебі. Халыққа қызмет етуде алға биік мақсаттар қойып, қарапайым адами қасиеттерді алға ұстау - ол үлкен жүректіліктің, парасаттылықтың белгісі.

Еңбек жолын өскелең ұрпаққа білім беру саласынан бастап, білікті басшы болып, ел басқарды. Халықты соғынан ертіп, өзіне сендірді. Болашаққа жетелеп, осы күнге жақсы заманға жетуімізге бірден-бір себепші бола білді.

«Қарты бар елдің - қазынасы бар» - деген сөз бар халқымызда. Өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, Кәрім ата бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей, үлкен бір аулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйер асқар тауы болып отыр.

Кәрім Айтмағамбетовтың тілеріміз мерейлі 90 жас асуыңызда Алланың берер жасы, көрсетер қызығы көп болсын! Шаңдрағыңызға ынтымақ пен жақсылық, қуаныш пен бақыт молая берсін, жанұяңызға береке-бірлік тілейміз!

Қария туралы мәліметтер Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінде «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкерлерінің» топтамасы бойынша сақталынған қорынан алынған.

Айгүл НҮРЕКИНА,